

# ТУУ

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ  
ЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

Жексенбі

Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын

Облыс егіншілері, советтік озат агробио-  
логия ғылымы негізінде қысқы агротехникалық  
шараларды мұқият жүзеге асыру және көктемгі  
егіс жұмыстарына тыңғылықты әзірлену арқылы  
мол өнім негізін қалайық!

Астық—ел ырысы, халық байлығы,

## Кеменгер Сталин—бүкілхалықтық бірінші кандидат

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ №122 САЙЛАУ ОКРУГІ

**Иосиф Виссарионович СТАЛИН**

Еңбекшілер депутаттарының Алматы қалалық Советінің  
депутаттығына кандидат болып тіркелді

Сайлау алдындағы үгіт  
жұмысының өрісі кең болсын

Полудень ауданының колхоздары мен  
совхоздарында сайлау алдындағы үгіт-бү-  
қаралық жұмыс кеңінен өріс алуда. Кө-  
зір ауданда 595 үгітші сайлаушыларға  
партиямыздың XIX съезінің материалда-  
рын, Сталин жолдастың съездің қорытын-  
ды мәжілісінде сөйлеген тарихи сөзін, со-  
веттік сайлау системасының принципте-  
рін түсіндіруде.

Аманкелді атындағы колхозда сайлау  
алдындағы саяси үгіттің өрісі кең, әсері  
күшті болып отыр. Үгітшілер тобының  
жетекшісі Ешманов жолдас әрбір бес күн  
сайын үгітшілердің семинарын өткізіп,  
түсінік беріп отырады. Осының нәтиже-  
сінде үгітшілер Есболатов, Фишер, Ораза-  
лин және Медведев жолдастар сайлаушы-  
лар арасында жиі болып, үгіт-бұқаралық  
жұмысты колхоздың шаруашылық жұмыс-  
тарымен тығыз ұштастыра жүргізіп келе-  
ді. Мұның өзі колхозшылардың көктем-  
гі егіске әзірліктегі және мал қыстатуда-  
ғы еңбек өнімділігін арттыруына әсерін  
тигізуде.

бөленді. Ұлы Сталин Алматы қалалық Советінің депутаттығына  
дауысқа түсуге ризалығын берді. Біздерді қуанышты және  
бақытты өмірге жеткізген, біздерді коммунизмнің жеңісіне  
қарай сеніммен алға бастап келе жатқан адамға дауыс беру-  
ден артық бақыт жоқ.

Ауыл шаруашылығы Министрілігі коллективі атынан мен  
округтік сайлау комиссиясынан Иосиф Виссарионович Сталин  
жолдасты № 122 сайлау округі бойынша Алматы қалалық  
Советінің депутаттығына кандидат етіп тіркеуді ұсынамын.

Сталин жолдастың Алматы қалалық Советінің депутатты-  
ғына дауысқа түсуге ризалығын беруі, —деді Түрксібтің  
бас инженері В. Ф. Шувалов, — біздер, № 122 сайлау  
округінің сайлаушылары үшін ғана емес, ұлы Сталиннің әке-  
лік қамқорлығын күнбе-күн сезіп отыратын Қазақстанның  
барлық еңбекшілері үшін де зор қуаныш.

Түркстан-Сибирь темір жолының басқармасы қызметкер-  
лерінің коллективі маған округтік сайлау комиссиясынан қым-  
батты бәсекеміз Сталин жолдасты Алматы қалалық Советінің

Министрілер үйі № 122 сайлау округінің орталығы. Бұл  
үйге округтік сайлау комиссиясының мүшелері, еңбекшілердің  
ұлы бәсеке және ұстазы Иосиф Виссарионович Сталин жолдас-  
ты Алматы қалалық Советінің депутаттығына кандидат етіп  
ұсынған коллективтердің өкілдері жыйналды.

—Қымбатты жолдастар, —деді округтік сайлау комиссия-  
сының председатели В. И. Ленков жолдас мәжілістерге ар-  
нап. —Бізге зор аброймен құрмет және сенім көрсетілетіндігін  
округтік сайлау комиссиясының мүшелеріне және коллективтер  
өкілдеріне зор қуанышпен хабарлаймын. Сталин жолдас № 122  
сайлау округі бойынша еңбекшілер депутаттарының Алматы  
қалалық Советінің депутаттығына дауысқа түсуге ризалығын  
берді.

Мәжілістердегілердің бәрі көтеріле орындарынан тұрып, зор  
оуация жасады. «Ұлы Сталиннің даңқы арта берсін!», «Сталин  
жолдасқа ура!» деп ұран салды.

№ 122 сайлау округіндегі еңбекшілер коллективтерінің  
өкілдері сөз сөйледі.

рындарының  
іміз қажет.  
мүмкіншілік-  
еттердің бірі  
рлену ісіне  
қатар МТС-  
ылары және  
андары егін  
ете көңіл ау-  
паруашылық-  
шараларды  
ағаттанғысыз.  
да үстіміздегі  
ық егіс ала-  
і өді. Бірақ,  
қар тоқта-  
і күні бүгінге  
аз-ақ асады.  
ика күші қар  
аланылмайды.  
трактор қар  
қосуға тиіс  
н бүкіл облыс  
ор қар жырт-  
рдың өзі де  
йбалық, Ленин  
трактор қар



гілікті тыңайтқыштар дайындады. Осы сияқты Булаев ауданының бірқатар ауыл-шаруашылық артельдері көктемгі егіске әзірлікті ұйымшылдықпен жүргізіп келеді.

Солдай бола тұрса да, облыстың бірқатар МТС-тері мен совхоздарында, ауыл-шаруашылық артельдерінде көктемгі егіске әзірлік жұмыстарының барысы өте-метте баяу жүргізілуде. Бұл жөнінде ең алдымен жергілікті партия, совет ұйымда-

стықтарды деру жөнін, жол бойы жөнінің осы бастан қалануын қамтамасыз етуге міндетті.

Облыс егіншілері, советтік озат агро-биология ғылымы негізінде қысқы агротехникалық шараларды мұқият жүзеге асыру және көктемгі егіс жұмыстарына тығбылықты әзірлену арқылы мол өнім негізін қалайық!

Астық—ел ырысы, халық байлығы.

## Партияның XIX съезінің материалдарын және И. В. Сталин жолдастың „ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары“ деген еңбегін үйрену

БОБРУЙСК. Облыстың еңбекшілері партияның XIX съезінің материалдары мен И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегін зор ынтамен үйренуде. Партия, совет активінің баяндамашылары, сол сияқты, саяси және ғылыми білімдерін тарату қоғамының облыстық бөлімшесінің лекторлары облыс еңбекшілеріне партия съезінің материалдарына, И. В. Сталин жолдастың данышпандық еңбегіне арналған 2 мыңнан аса лекциялар мен баяндамалар жасады.

САМАРҚАНД. Мұнда қаланың қоғамдық ғылымдар жоғары дәрежелі оқу орындары мен техникумдары оқытушыларының

И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегін үйренуге арналған конференциясы аяқталды. Конференцияға қатысушылар 12 баяндама тыңдады.

ЯКУТСК. Облыстық партия комитетінде лекторлар тобы мен саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі бүкілодақтық қоғамның Якут бөлімшесінің экономикалық секциясы мүшелерінің кеңесі болды. Кеңес И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегін насихаттау барысын талқылады.

(СОТА).

## Сталинград түбіндегі ұлы жеңістің он жылдығына

КИЕВ. Қала еңбекшілері неміс-фашист әскерлерінің Сталинград түбінде талқандалуына он жыл толуын кеңінен атап өтті.

Клубтарда, көптеген үгіт пункттерінде, әскер бөлімдері мен әскери училищелерде Сталинград түбіндегі шайқастың бүкіл дүниежүзілік-тарихи маңызы туралы лекциялар мен әңгімелер өткізілді. Крупская тыңдағы, Январь көтерілісі атындағы, тағы басқа кітапханаларда даңқты күнге арналған көрмелер ашылды.

ЛЕНИНГРАД. Ленин қаласы Ұлы Отан соғысының барысында түбірлі өзгерісті бастаған тарихи Сталинград шайқасының он жылдығын салтанатпен атап өтті. Қаланың кәсіпорындары мен мекемелерінде бағарман Сталинград күндері туралы, Вол-

гадағы даңқты қамалды қорғаушылардың теңдесі жоқ ерліктері туралы әңгімелер өткізілді.

Киров атындағы офицерлер Үйінің залдарында Сталинградты қорғауға арналған әдебиеттер мен документтік материалдардың көрмесі ашылды. Офицерлер Үйінің лекторлары Совет Армиясының Сталинград түбінде неміс-фашист әскерлерін талқандауы туралы гарнизон бөлімдерінде лекциялар оқыды.

Неміс-фашист әскерлерінің Сталинград түбінде талқандалуына он жыл толуын Минскінің, Севастопольдің, Саратовтың және еліміздің тағы басқа қалаларының еңбекшілері де кеңінен атап өтті.

(СОТА).

Қо жолдас үгітшілердің семинарын жасаған жоспар бойынша өткізеді, колхозшылар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыстың барысы жөнінде партия ұйымының жыйыналысында жиі-жиі мәселелер қаралып, саяси үгіт жұмысын жақсартудың шараларын белгілеп отырады. Мұның өзі үгітшілердің үгіт-бұқаралық жұмысқа белсене қатысуына, саяси үгіттің мазмұнды болуына мүмкіндік туғызды.

Журавлева, Паромонова, Касенов, Бичканова және басқалары колхозшылар арасында үгіт-бұқаралық жұмысты мейлінше өрістетіп жүргізуде.

Осы сияқты, үгітші Бичканова жолдас бір миллион сомнан асты. Колхоз мұндай игі табысқа колхозшылардың қажырлы еңбек етуі нәтижесінде ие болды. Алдыңғы қатарлы колхозшы С. Артемьева жолдасы өздеріңіз еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің депутаттығына кандидат етіп ұсынып отырсыздар. Осы сияқты, колхозшы Ыбыраев, Қуанышбаев жолдастардың еңбегі де басқаларға үлгі боларлықтай. Біз қол жеткен табыстарға масаттанбай сайлау құрметіндегі социалистік жарыста жаңа табыстарға жетуге тиісіз.

Осы сияқты, үгітші Бичканова жолдас

\* \* \* \* \*

## Сайлау науқанында байланыс оры

Кәзір республикамыздың барлық жерлерінде жергілікті Советтердің сайлауына әзірлік жұмыстары кеңінен өріс алуда. Бүкіл республика еңбекшілері бұл мереке-лі күнді өндірістік табыстармен қарсы алу жолындағы социалистік жарысты мейлінше өрістетіп, қажырлылықпен еңбек етуде.

Республика еңбекшілері сияқты облысымыздың байланысшылары да сайлау науқанына белсене қатысып отыр. Байланыс орындарының барлығында да жергілікті Советтердің сайлауына байланысты жүргізілетін жұмыстар жөнінде нұсқау-кеңестер өткізілді. Байланысшылар сайлау кезінде ойдағыдай жұмыс істеуге өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алып, оны орындау күресінде бірқатар табыстарға ие болуға сәт берген-ді.

Байланыс орындарының партия, кәсіподақ ұйымдары байланысшылардың социалистік жарысын кеңінен өрістетіп отырып, сайлау комиссияларын, партия, совет орындарын және сайлаушыларды қамтуда жаңа табыстарға ие болып отыр.

Еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің сайлау округтері түгелінен телефон-телеграф және почта қатынасымен қамтамасыз етілді. 64 сайлау округі радиоландырылды. Жақын арада қалған 7 сайлау округінде радиоландыру ісі аяқталмақ.

Облыстағы 376 сайлау участогінен 270 участок телефон-телеграф байланыстарымен жабдықталды, 231 сайлау участогі радиоландырылды. Тауу күндерде тағы да 50 сайлау участогі радиоландырылмақ.

Приемім аудандық байланыс мекемесінің қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттерді мұлтисіз орындау жолында қажырлылықпен еңбек етуде. Сайлаушылар «Талапкер» колхозының хат тасушысы М. Шәрипов жолдастың жұмысына жақсы баға беруде. Өйткені, ол колхозшыларға газет, журналдар мен хаттарды, сайлау жөніндегі материалдарды сайлау участогіне уақытылы жеткізіп тұрады.

Сол сияқты, Булаев пен Полудень аудандық байланыс мекемелерінің қызметкерлері де бірсыпыра табыстарға ие болып отыр.

Петропавл қалалық байланыс мекемесінің қызметкерлері де жергілікті Советтердің сайлауы құрметіндегі социалистік жарыста алған міндеттемелерін ойдағыдай жүзеге асыруда. Көптеген телефонисткалар сменалық тапсырмаларын аброймен орындап келеді.

Алайда, байланыс орындарының жұмысында елеулі кемшіліктер де кездеспей қойған жоқ. Мамлют, Совет, Петропавл байланыс мекемелерінің қызметкерлері сайлау участоктерін телефондандыру, радиоландыру мәселелеріне жете көңіл бөлмей

Колхоз кит мыстың орта хозшылар үйіп, баянда

Жақында тия ұйымын хозшыларға жүзіндегі бей деген тақыр дамаға колхозтысты. Бұл баяндама бол

Сайлау кит кейбір телеф жарамсыз. А колхоздар ме зеттер және ліп тұрмайды

Қалалық сында елеул отыр. Жекел терде уақыт Ал, телеграф малардың қа лұін қамтам іске жауапсі

Жақында ныс басқарм Преснов жав лау участок дардың кейб ныс қызмет карайтынды

Байланыс одақ және шылардың дауларына байланыс о ланысшылар лауының са байланысшы лефон стан ті жөнінде Сайлау бол



# Ғылықты жүргізілсін



ис МТС-терінде трактор жөндеу.

1. Шағыл МТС-нің трактор отрядының бригадир арды құрастырып тұр. Ол трактор жөндеуде күндік арым еседен орындап жүр. 2. Приешім МТС-нің (сол) сі В. Столбовский және «С-80» тракторларын жөндеу ық жолдастар артқы мост коробкаларының дайындалған айқап тұр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

## дің әзірлігіміз

ағы алдыңғы ті жылы егін және тұрақты барған сайын егін өсіріп, нәтижелерге ерзімде агро- өткізуге бай-

жүргізуде. Мысалы, жоғарыда аталған «Трудовик» колхозында 20 январьға дейін 300 гектар, «Дружина» колхозында 200 гектардан астам гектар егістік алаңға қар тоқтатылды. Жергілікті Советтердің сайлауы күрметіндегі социалистік жарысқа ұштаса отырып, аталған колхоздардың колхозшылары егістік алаңға қар тоқтату-

## Колхозшылардың агро-зоотехникалық оқуы

### Колхозшылардың оқуына көңіл бөлінбей отыр

Быйыл Преснов ауданында 20 агрономиялық курс, 11 зоотехникалық курс ұйымдастырылып, онда 602 колхозшы, егін мен мал шаруашылығының мамандары өндірістен қол үзбей оқып, білім көтеруге тиіс еді. Алайда, осы агро-зоотехникалық курстың бәрінде бірдей сабақ ойдағыдай өткізіліп отырған жоқ. Көптеген агро-зоотехникалық курстар қанағаттанғысыз жұмыс істейді. Оларда сабақ бірде өтіп, бірде өтпей жүр.

Мәселен, «Баян» колхозында агрономиялық топ бар. Бұл топта сабақ дұрыс өтпей келеді. Мұнда осы уақытқа дейін 12 рет сабақ өткізілу орнына небары 3-ақ рет сабақ өткізілген. Осы сыяқты колхозшылардың агро-зоотехникалық оқуы «Новый свет» колхозында да бетімен жіберілген. Мұндағы агротехникалық топта сабақ белгіленген күндері өтіп тұрмайды. Преснов МТС-нің аға агрономы Миронова жолдас курста сабақ өткізуге немқетті қарайды. Ол аталған курста 8 рет орнына барлығы екі-ақ рет сабақ өткізген.

«Путь к коммунизму» колхозындағы агротехникалық топта сабақ өткізуге және оның жұмысын басқаруға Николаевский МТС-нің аға агрономы Терещенко жолдас тағайындалған болатын. Бірақ, ол мұндай маңызды істі әлі қолға да алмаған. Колхозға келіп, топта бір рет те сабақ өткізбеген.

Ауданда колхозшылардың зоотехникалық оқуының жайы да дәл осындай. Мәселен, Ворониллов атындағы колхоздағы зоотехникалық курста күні бүгінге дейін сабақ өтпей келді. Өйткені, мал дәрігері Подгорный жолдас колхозшылардың оқуын ұйымдастыруға жеңіл-желпі қарап

## Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 6 февраль. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясы 6 февральда мынадай хабар берді:

Өткен күні халық армиясы мен қытай халық еріктілерінің құрамалары барлық майдандарда американ-ағылшын интер-

венттеріне және лисынманшыл әскерлерге қарсы жергілікті маньчжур ұрыстар жүргізуде болды.

Бүгін Халық армиясының зенит артиллериясы мен жау самолеттерін атқыштар дұшпанның екі самолетін атып түсірді.

## Нью-Йорк портындағы ереуіл

НЬЮ-ЙОРК, 6 февраль. (СОТА). Кеше порт жүк тиеушілері кәсіподақ мүшелерінің (Американың еңбек федерациясына қарайтын) осы кәсіподағына кіретін тіркеудегі кемелердің ереуіл жасап жатқан командаларына тілектестік білдіру ретінде жариялаған ереуілі нәтижесінде Нью-Йорк портында мұхитта жүзетін кемелерде жүк тиеу және жүк түсіру жұмысы тоқтатылған. Тіркеудегі кемелердің ереуіл жасаушы командалары жалақының көбейтілуін талап еткен.

3 февральда тіркеудегі кемелердің командалары жүк тиеушілер мен жүк түсірушілердің және жүк машиналары шоферларының қолдауына ие болу үшін 5 февральда өздерінің доктарда бекініс жасай бастайтындығын жариялаған. Жүк тиеушілер бекініс шебін басып өтуден ғана бас тарту емес, сонымен қатар, өздерін жалдаушы адамдарға және сондай-ақ кәсіподағының сатылғыш басшыларына қарсы күрес жүргізуге өздерінің берік бел байлағандығын көрсеткен. 1 мыңнан астам жүкшілер кәсіподағының председателі Райяның кеңсесі алдында демонстрация ұйымдастырып, листовкалар таратқан. Бұл листовкаларда тіркеудегі кемелер командаларын қолдайтындық және мұнымен қатар Райяның кәсіподағының басқа да сатылғыш басшыларын қызметінен қуып жіберуді талап ету айтылған.

Кеме бірлестіктерінің тіркеудегі кемелердің көмегісіз қыйын жағдайдан шығуға әрекет жасауы нәтижесінде осы аптаның бас кезінде өзбетімен тоқтайтын жерге жетуге әрекет жасаған кемелер қаланың өкмет орындарына қарайтын, кеме тоқтайтын екі орынды қыйратып, бірнеше жүз мыңдаған доллар зиян келтірген.

Тіркеудегі кемелер командалары жасаған ереуілге Филадельфия және Чорфолк (Вильгиния штаты) порттары да қосылған.

## Австрияның Адрицедегі машина жасау заводы жұмысшылары мен қызметшілерінің ереуілі

ВЕНА, 6 февраль. (СОТА). Баспасөздің хабарына қарағанда, жұмысшыларды қанаушылық және жұмыстан шығарушылық сыяқты америкалық әдістердің қолданылуына қарсы 3 февральда Адрицедегі

водина басталған жұмысшылар мен қызметшілердің ереуілі заводтың барлық цехтарына жайылған. Полицияның жұмысшыларды жұмысқа кірісуге күштеп көнді-



М. ГОМЕНЮК,

Приешім совхозы партия ұйымының  
секретары.

толық аяқтауға ұйғарып отыр. Мұнымен  
бірге МТС қамтуындағы колхоздар егістік  
алаңға қар тоқтату және тыңайтқыш зат  
тар жыйнау жұмыстарын қызу қарқынмен

гі қарарларына іспен жауап береміз.

П. НАЗАНОВСКИЙ,

Конвалов МТС-нің агрономы.

қамтамасыз етілген. Курста сабақ жылдық  
оқу программасына сай белгіленген күн-  
дерде өткізіліп тұрады. Сабақ үнемі тың-  
даушылардың белсене қатысуымен өтіп  
жүр.

Колхозшылар сабаққа әрқашан жақсы  
дайындықпен келеді. Курста сабақты агро-  
ном Комышевская жолдас өткізеді.

Колхозшылар курста оқып алған теор-  
иялық білімдерін өздерінің күнбе-күнгі  
жұмыстарына шебер қолданып отырады.  
Мысалы, былтыр колхозшылар қысқы агро-  
техникалық шараларды мінсіз жүзеге  
асырды. Көктемгі егіске мұқият әзірленіп,  
оны агротехникалық қолайлы мерзімде  
өткізді. Сөйтіп, бітік егін өсірді, астық  
дайындау жоспарын артығымен орындады.

Колхозшылар быыл да егіске тыңғы-  
лықты әзірлік жүргізуле. Бұл жұмыста  
агротехникалық курстың тыңдаушылары  
енегелі істер істеп жүр. Олар егістік алаң-  
ға қар тоқтату, тыңайтқыш заттар жый-  
нау, тұқым дайындау жұмыстарын агро-  
техникалық талапқа сай жүргізуле.

У. ҚАСЕНОВ.

кейін

## «Колхозшылардың оқуына кеңіл бөлмейді»

Газетіміздің осы жылғы 9 январьдағы  
санында жарияланған осы тақырыпты ма-  
қалада Преснов ауданындағы Жданов  
атындағы колхозда колхозшылардың агро-  
зоотехникалық оқуы ұйымдастырылмай  
отырғандығы сынға алынды.

ҚКП Преснов аудандық комитеті бізге  
мақалада көрсетілген фактілер тексеріс  
жүргізгенде толық анықталғандығын, кө-  
ір колхозшылардың агро- зоотехникалық  
оқуын жолға қою жөнінде нақтылы шара-  
лар белгіленгендігін хабарлады.

# Көктемгі егіске әзірлік ойдағыдай ұйымдастырылсын

(Тілші хаттарына шолу)

Облысымыздың алдыңғы қатарлы кол-  
хоздары жергілікті Советтердің сайлауы  
құрметіндегі социалистік жарысты кеңі-  
нен өрістете отырып, көктемгі егіске  
әзірлік жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп  
келеді. Көктемгі дала жұмыстарына үлгі-  
лі әзірленіп, үстіміздегі жылы егіннің  
барлық көлемінен мол және тұрақты  
өнім алу жолындағы күресте колхозшы-  
лар стахановтық еңбектің үлгілерін көр-  
сетуде.

Ауыл -село тілшілері өздерінің редак-  
цияға жазған хаттарында міне, осы мәсе-  
лелерді сөз етеді.

Тілші Т. Қалиев жолдас Ленин аудан-  
ынан былай деп хабарлады:

— «Бірлік» ауылшаруашылық артели-  
нің мүшелері көктемгі егіске үлгілі әзір-  
лік жүргізуле. Әсіресе, тұқым тазалауда  
жүрген колхозшылар еңбек өнімділігін  
күнбе- күн еселеп арттырып жүр. Соның  
нәтижесінде колхозда тұқымдық дақыл-  
дардың 1500 центнері тазаланып, себу  
дәрежесіне жеткізілді. Осы сыяқты, бірта-  
лай егістік алаңға қар тоқтатылды.

Осы сыяқты тілшілер, М. Көшкенов,  
Б. Мустафин жолдастар Преснов ауданын-  
дағы Жамбыл атындағы, Булаев ауданын-  
дағы Ленин атындағы ауылшаруашылық  
артедьдерінде де көктемгі егіске әзірлік  
жұмыстарының ойдағыдай жүргізіліп  
отырғандығын хабарлайды.

— Ленин атындағы колхозда, — деп  
жазады Мустафин жолдас, — мол өнімнің  
перізі сеу күннен қалануда. Мұнда әсе-

се, егістік алаңға қар тоқтатуға жете-  
кеңіл бөлінген. Жұмыстың бұл участогін-  
де ондаған колхозшылар жұмыс істейді.  
Қар тоқтатуға күш-көлік те жеткілікті  
бөлінген. Мұның өзі қар тоқтату жұмыс-  
тарын тыңғылықты жүргізуге қолайлы  
жағдай туғызып отыр.

Бірақ, бұл айтылғандардан егіске әзір-  
лік барлық жерде ойдағыдай жүргізілуде  
деген ұғым тумайды. Редакцияға жер-  
жерден түсіп жатқан тілші хаттарына  
қарағанда, облыстың кейбір колхоздарын-  
да көктемгі егіске әзірлік жұмыстары  
өте баяу жүргізіліп отырғанын көреміз.

Мәселен, тілшілер Ш. Құсайынов,  
Б. Нұрмағанбетов, Е. Әбілмәжінов жол-  
дастар Октябрь ауданының бірқатар кол-  
хоздарында көктем егісіне әзірліктің на-  
шар ұйымдастырылғаны, колхоз басшыла-  
рының мұндай маңызды науқанға дұрыс  
басшылық жасай алмай отырғаны туралы  
жазады.

— Жамбыл атындағы колхозда, — деп  
жазады аталған тілшілер, — алаңдағы көк-  
темгі егіске маңызды әзірлік жүргізіп,  
үстіміздегі жылы дәнді дақылдардың шы-  
ғымдылығын арттыру, сөйтіп, астықты  
мол дайындау қамы мүлде жасалмай  
отыр. Колхозда тұқым тазалау, оны өңгіш-  
тік сапаға жеткізудің жайы өте-мөте на-  
шар. Мәселен, № 3 бригадада 1032  
центнер тұқымдық дақылдың күні бүгін-  
ге дейін 200 центнері ғана тазаланып,  
өңгіштік сапаға жеткізілді.

Тілші Г. Балтабаев жолдас Совет ау-  
данындағы «Аралағаш» колхозында тұқым

тазалау, егістік алаңға қар тоқтату сыяқ-  
ты егін өнімін арттырудың маңызды ша-  
раларының нашар жүзеге асырылып келе-  
жатқандығын, бұл іске қолда бар күш-  
мүмкіншіліктің тиімді пайдаланылмай  
отырғандығы жөнінде жазады.

Істің жайы Сталин атындағы колхозда  
да (Булаев ауданы) дәл осындай. Бұл  
жөнінде тілші М. Зағыпаров жолдас бы-  
лай деп жазады:

— Колхозда егіске әзірлік ойсыраған  
олқылықта. Мұнда қолда бар 2891 цент-  
нер тұқымдық дақылдың небары 900  
центнері ғана тазаланды. Осы күнге  
дейін 150 гектар егістік алаңға ғана қар  
тоқтатылды.

Преснов ауданынан тілші Қ. Бейсенбин  
мынаны жазады:

—Бесінші басжылдықта алға қойылған  
ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде  
басты міндетті ойдағыдай жүзеге асыруға  
колхозшылардың білім дәрежесін көтеріп,  
мамандығын арттырудың маңызы ерекше  
зор. Алайда, Калинин атындағы ауыл-  
шаруашылық артелиде колхозшылардың  
агротехникалық оқуына мән берілмей  
жүр.

Көктемгі егіске әзірлікте қандай да бол-  
сын кемшіліктерге жол беруге болмайды.  
Колхоз басшылары қолда бар күш-мүмкін-  
шілікті тиімді пайдалана отырып, көктем-  
гі егіске әзірлік жұмыстарын әрі тез,  
әрі сапалы жүргізуге тиіс. Ауыл-село  
тілшілері редакцияға жазған хаттарында  
міне, осыны талап етеді.

«УДАРНИК»

Бүгін

«ҚАСҚЫР»

Сеанстар саға  
Касса сағат 3

ССРО СА

Барлық  
арқылы пост

СПОРТ

Мемлеке

В—110

В—22 м

Велосипе

Велосипе

екі каме

мөлшерд

27x1 1/4

24x1 1/2

Мотоцикл

пасымен)

Бұл това

ғаннан кейін

Товарлар

Сол сыя

хоккей коньк

Жоғарыд

кесінің талон

тұрған жерін

толық жазып

атын жазыны

«Союзпос

Заказдар

Свердлов

Посылка

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Казак ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, ред-  
партия және ауылшаруашылық бөлімдері —2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет табысет